

2024-2026 жылдарға аудандық бюджетті бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 16/2 шешімі

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 14-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 75-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 7218966,3 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1085794,8 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 33026,6 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 3703,6 мың теңге;

трансферттер түсімі – 6096441,3 мың теңге;

2) шығындар – 7225139,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 14789,5 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 36660,5 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 21871 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 20962,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 20962,8 мың теңге;

қарыздар түсімі – 36660,5 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 21924 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 6226,3 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 09.02.2024 № 19/2 (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 14.03.2024 № 23/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.04.2024 № 25/4 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.06.2024 № 26/16 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2024 № 28/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа

енгізіледі); 22.10.2024 № 33/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2024 № 34/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2024 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген аудандық маңызы бар қала, ауыл аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын табыстар бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген, кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы:

жеке кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

тұрғылықты жері – қалған жеке тұлғалар үшін;

1-1) Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 09.02.2024 № 19/2 (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

1-2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, келіп түскен салықтық аударымдардың кемінде елу пайызы мөлшерінде облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша корпоративтік табыс салығы;

2) облыстық мәслихат белгілеген, кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

4) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

5) акциздер:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түрлеріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге (мүгедектер үшін арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына;

6) аудандық маңызы бар қала, ауыл аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

7) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды бергені үшін алым);

7-1) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

8) коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

9) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

10) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

11) республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж;

11-1) бірыңғай жер салығы облыстық маңызы бар қала бюджетіне түсетін салықтық түсім болып табылады.

3. Аудандық бюджеттің кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

ауданның коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) аудандық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері мына негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы;

5. Аудандық бюджеттің түсімдері:

аудандық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеуден түсетін түсімдер аудандық бюджеттің есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін.

6. 2024 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының бюджетінде аудандық бюджеттен бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі көзделсін:

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 3407 мың теңге сомасында;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Андреев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне – 53916 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Белое ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 39242 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 41637 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Дубровное ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 60406 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 47758 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Краснознамен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне – 28561 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Леденев ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 25557 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Бике ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 47062 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Пригород ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 40822 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Становое ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 39079 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 45657 мың теңге.

7. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер келесі көлемдерде ескерілсін:

1) 16566 мың теңге - Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға, соның ішінде:

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайту – 16566 мың теңге.

2) 2274 мың теңге – азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

3) 28024 мың теңге - халықтың әлеуметтік осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға;

4) 508806 мың теңге – "Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы шеңберінде қалаларда сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға, соның ішінде:

СҚО Мамлют ауданы Мамлютка қаласындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға (2 кезек) – 258806 мың теңге,

СҚО Мамлют ауданы Мамлютка қаласындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға (3 кезек) – 250000 мың теңге.

5) 490804 мың теңге – "Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға, соның ішінде:

Воскресеновка ауылындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға – 230750 мың теңге,

Краснознаменное ауылындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға – 260054 мың теңге.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 22.10.2024 № 33/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер келесі көлемдерде ескерілсін:

1) 908150 мың теңге - "Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға, соның ішінде:

Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Дубровное ауылдық округі, Дубровное ауылы мекенжайы бойынша орналасқан, Дубровное ауылының сумен жабдықтау жүйесін салу – 326848 мың теңге,

Бексейіт ауылындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға – 138242 мың теңге

;

Афонькино ауылындағы сукернеуіш құрылыстарды салу – 187421 мың теңге;

Дубровное ауылдық округі Михайловка ауылындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салу – 255639 мың теңге;

9. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер келесі көлемдерде ескерілсін:

1) 10137,7 мың теңге - Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Дубровное ауылдық округі, Дубровное ауылы мекенжайы бойынша орналасқан, Дубровное ауылының сумен жабдықтау жүйесін салуға;

2) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 29.04.2024 № 25/4 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

3) 2993,2 мың теңге - Афонькино ауылындағы сукернеуіш құрылыстарды салуға;

4) 8001,9 мың теңге - Дубровное ауылдық округі Михайловка ауылындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға;

5) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 29.04.2024 № 25/4 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

6) 28895 мың теңге - Краснознаменное ауылындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға;

7) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 29.04.2024 № 25/4 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

8) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 29.04.2024 № 25/4 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

9) 9000 мың теңге – Белое ауылдық округі Щучье ауылындағы сумен жабдықтау жүйесін салуға жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге;

10) 4500 мың теңге - Искра ауылының сумен жабдықтау жүйесін салуға жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге;

11) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 22.10.2024 № 33/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

12) 8999 мың теңге – Мамлютка қаласы көшелерінің көше жарығы жүйесін салуға жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге (жұмысшы кенті, З. Космодемьянская көшесі, Трудовая көшесі, Скачков көшесі – мектеп интернат);

13) 600000 мың теңге – СҚО, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Скачков көшесі 66В мекенжайы бойынша дене тәрбиесі-сауықтыру кешенін салуға;

14) 148973,4 мың теңге – Бостандық ауылы ауылдық клубты реконструкциялауға;

15) 125375,1 мың теңге – Мамлют ауданы Мамлютка қаласындағы жолдарды орташа жөндеуге;

16) 496071,7 мың теңге – Мамлют ауданының КТММ-218 " Сенжарка-Троицкое-Николаевка-Ленино" 0-9,0 км облыстық маңызы бар автомобиль жолы" аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа жөндеуге;

17) 43500 мың теңге - аудандық маңызы бар жолдарды ұстауға;

18) 177770 мың теңге – Мамлют ауданы Дубровное ауылындағы мәдени-бос уақыт орталығы ғимаратын күрделі жөндеуге;

19) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 22.10.2024 № 33/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

20) 169000 мың теңге – Мамлют ауданы Бике ауылындағы мәдениет үйін күрделі жөндеуге;

21) 99953 мың теңге – Мамлют ауданы Воскресеновка ауылындағы мәдениет үйін күрделі жөндеуге;

22) 34904 мың теңге – Мамлют ауданы Мамлютка қаласындағы стадионды орташа жөндеуге;

23) 28058,3 мың теңге - аудан орталықтары бас жоспарын түзетуге және түбегейлі жоспарлау жобаларын әзірлеуге;

24) 18650,8 мың теңге - ауылдық елді мекендерді дамыту және құрылысы сызбасын кезендік әзірлеуге және түзетуге;

25) 5941,5 мың теңге - Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға, соның ішінде:

протездік-ортопедиялық құралдар – 4760 мың теңге,

сурдотехникалық құралдар – 137,8 мың теңге,

тифлотехникалық құралдар - 171 мың теңге;

арнаулы жүріп-тұру құралдары (кресло – арбалар) – 872,7 мың теңге;

26) 941,5 мың теңге - Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығарудың 35 жылдығына орай біржолғы ақшалай төлем көрсетуге;

27) 25541,9 мың теңге – Мамлютка қаласында балалар ойын алаңын орнатуға;

28) 30240 мың теңге – Мамлютка қаласында спорт-ойын алаңын орнатуға;

29) 10353 мың теңге – Мамлютка қаласында жарықтандыруды орташа жөндеуге;

30) 38301,7 мың теңге – Мамлютка қаласында қоршауды ағымдағы жөндеуге;

31) 3200,1 мың теңге – Мамлютка қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне сыртқы электрмен жабдықтау желісіне жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге;

32) 11159,6 мың теңге – Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Победа көшесі, 100 Д үй мекенжайы бойынша орналасқан, ағаш-жоңқа тақталарын (АЖТ) өндіру бойынша желілер кешеніне сыртқы сумен жабдықтау желісінің құрылысына;

33) 81198,1 мың теңге - Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Победа көшесі, 100 Д үй мекенжайы бойынша орналасқан, ағаш-жоңқа тақталарын (АЖТ) өндіру бойынша желілер кешеніне сыртқы электрмен жабдықтау желісінің құрылысына;

34) 22389 мың теңге – Мамлют мәдени орталығына арналған модульдік қазандықты сатып алуға;

35) 22389 мың теңге – Воскресеновка ауылының мәдениет үйіне арналған модульдік қазандықты сатып алуға;

36) 41999,3 мың теңге – Новомихайлов ауылдық округі Бексейіт ауылындағы (Еңбек көшесі, Жастар көшесі, Жеңіс көшесі, Мектеп көшесі) кентішілік жолдарды орташа жөндеуге;

37) 25639 мың теңге – Воскресеновка ауылындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға;

38) 17904,3 мың теңге – Мамлютка қаласы, Титов көшесі 33 қазандықты ағымдағы жөндеуге;

39) 83630 мың теңге – мамандандырылған техниканы сатып алуға;

40) 5000 мың теңге – Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Степное ауылы мекенжайы бойынша 400 басқа сүт-тауар фермасына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салуға (сыртқы электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау желілері);

41) 10000 мың теңге – Мамлютка қаласы жолдарын ұстауға.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 14.03.2024 № 23/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.04.2024 № 25/4 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.06.2024 № 26/16 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.10.2024 № 33/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2024 № 34/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте 36660,5 мың теңге сомада республикалық бюджеттен мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер ескерілсін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 18.11.2024 № 34/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. 2024 жылға арналған мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек түрлері бойынша шығындар 32176,5 мың теңге сомасында 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 14.03.2024 № 23/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.10.2024 № 33/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

12. Мамлют ауданының жергілікті атқарушы органының 2024 жылға арналған резерві 2313,9 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 22.10.2024 № 33/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте 2024-2026 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төмен тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 09.02.2024 № 19/2 (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13-1. 2024 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары 5-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстарға 6226,3 мың теңге сомасында бағытталсын.

Ескерту. 13-1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 09.02.2024 № 19/2 (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 22.10.2024 № 33/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

13-2. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер ескерілсін.

Ескерту. Шешім 13-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 14.03.2024 № 23/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы
мәслихатының төрағасы*

Ж. Кәрімова

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихатының
2023 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 16/2 шешіміне 1-қосымша

2024 жылға арналған Мамлют аудандық бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 09.02.2024 № 19/2 (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа

енгізіледі); 14.03.2024 № 23/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.04.2024 № 25/4 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.06.2024 № 26/16 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2024 № 28/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.10.2024 № 33/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2024 № 34/2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	7218966,3
1			Салықтық түсімдер	1085794,8
	01		Табыс салығы	182811,2
		1	Корпоративтік табыс салығы	170174,1
		2	Жеке табыс салығы	12637,1
	03		Әлеуметтік салық	572858,5
		1	Әлеуметтік салық	572858,5
	04		Меншікке салынатын салықтар	248066,3
		1	Мүлікке салынатын салықтар	244157,8
		3	Жер салығы	1002
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2906,5
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	70555,5
		2	Акциздер	3757
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	54321
			Кәсіпкерлік және кәсіби	

		4	қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	12477,5
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	11503,3
		1	Мемлекеттік баж	11503,3
2			Салықтық емес түсімдер	33026,6
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4617
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3949,8
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	10,5
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	656,7
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер ұйымдастыраты н мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін акша түсімдері	402,1

		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін акша түсімдері	402,1
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	603,2
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік	603,2

			мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	27404,3
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	27404,3
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3703,6
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2224,9
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2224,9
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1478,7
		1	Жерді сату	727,9
		2	Материалдық емес активтерді сату	750,8
4			Трансферттердің түсімдері	6096441,3
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	27871,2
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	27871,2

	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6068570,1
		2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	6068570,1
Функционалдық топ				Атауы	Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
1	2	3	4	5	6
				2) Шығыстар	7225139,6
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	1183559
	01			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	538567,2
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	48493,6
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	46968,8
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	275,6
			005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің	1249,2

				тиімділігін арттыру	
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	490073,6
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	221606,7
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	23328,1
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	245138,8
	02			Қаржылық қызмет	1874,2
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1874,2
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1533,2
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	341
	09			Жалпы сипаттағы өзге	643117,6

				де мемлекеттік қызметтер	
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	96855,6
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	91968,1
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3451,5
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1436
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	546262
				Жергілікті деңгейде сәулет,	

			001	құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	58338
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	83630
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	404294
02				Қорғаныс	19874,1
	01			Әскери мұқтаждар	8895,8
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	8895,8
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8895,8
	02			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	10978,3
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	10978,3
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше	8023,5

				жағдайлардың алдын алу және оларды жою	
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	2954,8
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	150
	09			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	150
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	150
			019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	150
				Әлеуметтік көмек және	

06				әлеуметтік қамсыздандыру	293799,6
	01			Әлеуметтік қамсыздандыру	11083
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	11083
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	11083
	02			Әлеуметтік көмек	228215,1
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	228215,1
			004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	4017,9
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	0
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың	32176,5

				жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету	443
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	134284,2
			017	Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету	57293,5
	09			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	54501,5

		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	54501,5
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	52696
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	150
			021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	515,5
			054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	1140
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2263974,1
	01			Тұрғын үй шаруашылығы	58590
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын-үй коммуналдық	58590

				шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
			008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	27000
			011	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	3566
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	28024
	02			Коммуналдық шаруашылық	2205384,1
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2205384,1
			013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	13499
			015	Шағын қалаларды үздіксіз жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету	17904,3
			016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	0
			058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және	2173980,8

				су бұру жүйелерін дамыту	
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1651078,4
	01			Мәдениет саласындағы қызмет	220393
		478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	71419,6
			009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	71419,6
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	148973,4
			036	Мәдениет объектілерін дамыту	148973,4
	02			Спорт	629898,1
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	26698
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік	13864,3

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1605,7
			006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1573
			007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	9655
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	603200,1
			021	Спорт объектілерін дамыту	603200,1
	03			Ақпараттық кеңістік	115469,3
		478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	115469,3

			005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	13283
			007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	101423,7
			008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	762,6
	09			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де Қызметтер	685318
		478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	685318
			001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37676,8
			004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	13856,4
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен	23118,8

				ұйымдардың күрделі шығыстары	
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	610666
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	136712,2
	01			Ауыл шаруашылығы	75308,4
		474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	75308,4
			001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	57598
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6103,2
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	11607,2

	06			Ж е р қатынастары	36997,6
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	36997,6
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36781,6
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	216
	09			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	24406,2
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	22156,2
			099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	22156,2
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық	2250

				шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
			056	Жануарларға арналған баспаналар, уақытша ұстау пункттерін салу	2250
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	46709,1
	02			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	46709,1
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	46709,1
			005	Аудан аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	46709,1
12				Көлік және коммуникация	555858,3
	01			Автомобиль көлігі	549858,3
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық	549858,3

				шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	50582,6
			034	К ө л і к инфрақұрылым ының басым жобаларын іске асыру	496071,7
			045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендерді ң көшелерін күрделі және орташа жөндеу	3204
	09			Көлік және коммуникацияла р саласындағы өзге де қызметтер	6000
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6000
			039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	6000
13				Басқалар	155631,9

	03			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	118414
		469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	21056,3
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21056,3
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	97357,7
			055	Кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	97357,7
	09			Басқалар	37217,9
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2313,9
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)	

			012	жергілікті атқарушы органының резерві	2313,9
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	34904
